

Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2012 жылы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 342 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 2 шілдеде № 9-12-193 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 2013 жылғы 2 мамырдағы № 05-10/468 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 02.05.2013 № 05-10/468 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі ұсынысының негізінде Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2012 жылы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері анықталсын:

1) жазғы дәнді және бұршақтұқымдас дақылдар 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;

2) аумақтық ғылыми-негізделген агротехнологияларды сақтаумен дәнді дақылдар 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;

3) майлы дақылдар 18 мамырдан бастап 30 мамырға дейін;

4) жемшөптік (ағымдағы жылдың біржылдық, көпжылдық шөптері) 30 сәуірден бастап 15 шілдеге дейін;

5) сүрлемдік жүгері мен күнбағыс 15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;

6) бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарындағы жемшөптік бұршақтұқымдас көпжылдық шөптер (бірінші мерзім) 20 сәуірден бастап 31 мамырға дейін, (екінші мерзім) 5 шілдеден бастап 1 тамызға дейін;

7) күздік дақылдар 15 тамыздан бастап 1 қыркүйекке дейін;

8) көкөніс-бақша дақылдары 15 сәуірден бастап 10 маусымға дейін;

9) картоп 10 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;

10) шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер (бірінші мерзім) 20 сәуірден бастап 31 мамырға дейін, (екінші мерзім) 5 шілдеден б а с т а п 1 т а м ы з ғ а д е й і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.А. К ә к і м ж а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 20 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қ а р а б а л ы қ

ауданының әкімі *Ф. Филиппов*